

"Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 24 наурыздағы N 410

"Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3378 U973378_ Жарлығын жүзеге асыру және көмірсутектерін барлау, өндіру және өңдеу жөніндегі келісімдердегі Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғау, мұнай операцияларын жүргізуге қатысты жер қойнауын пайдалануды басқару жүйесін құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлікті және активтерді басқару департаменті Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп заңда белгіленген тәртіппен:

он бес күн мерзімде "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясы жабық акционерлік қоғамын құру жөнінде қажетті ұйымдастыру шараларын жүргізсін;

оның жарғысын тіркесін;

1-қосымшаға сәйкес ұйымдардағы мемлекеттік үлесті (акциялар пакетін) "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамының жарғылық қорына берсін; <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.10.11.

N 1151 қаулысымен. P981151_

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтан 5-абзац алынып тасталды - ҚР Үкіметінің

2000.11.13. N 1702 қаулысымен. P001702_

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.17. N 61

қаулысымен. P010061_

2. "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасына КҚАК-К мен КҚАК-Р бөлінген акциялардың тіркелген акция ұстаушысы - "Қазақстандық вексельді" - "КҚАК-К" жабық акционерлік қоғамының екінші дәрежелі қарыз міндеттемесін ұстаушы екендігі назарға алынсын. Бұл жағдайда аталған акцияларға билік ету құқығы Қазақстан Республикасының Үкіметінде қалады.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлікті және активтерді басқару департаменті "Мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігі қор биржасында сатылатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің тізбесін бекіту туралы" Үкіметтің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1716 қаулысына сәйкес шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекеттік акциялар пакетінің иелік ету, пайдалану және басқару жөніндегі құқығы "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамына берілген бөлігін сатсын.

4. "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік компаниясына Қазақстан Республикасының мемлекеттік банктерінің бірінде шоттарын ашу ұсынылсын.

5. "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамының негізгі міндеттері болып мыналар айқындалсын;

Каспий және Арал теңіздері секторларын қоса алғанда, Қазақстан

Республикасының аумағында көмірсутектерін барлауға және өндіруге арналған конкурстарға ұйымдастыруға қатысу;

<*>

көмірсутектерін барлауға, өндіруге, өңдеуге және тасымалдауға қатысты жаңа жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру;

маркетингті және көмірсутектерін өткізуді ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму банкі арасындағы 1996 жылғы 18 шілдедегі N 4061-KZ Қарыз туралы келісімдегі (Өзен мұнай кен орнын оңалту жобасы) қарыз алушының мүдделерін білдіру;

мұнай-газ саласындағы кәсіпорындарды қайта құрылымдау мен жекешелендіру бағдарламасын әзірлеуге қатысу.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.17. N 61

қаулысымен.

P010061_

6.

<*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.12.17. N 1764

қаулысымен.

P971764_

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

"Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамы менеджерлерімен "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамы акцияларын алуға компанияның қаржылық қызметін орындаған немесе асыра орындаған жағдайда ақшалай бонустар және/немесе опциондар беруге мүмкіндік болатын көрсеткіштерін

айқындай отырып;

"Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамының пайда мен өз қызметінің және оған берілген мүлікті, үлестік қатысын, пайдалану нәтижесінде пайда келтірілген мұнай алуы туралы келісім жасассын. <*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.17. N 61
қаулысымен. P010061_

8. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік

мүлікті және активтерді басқару департаменті "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамын Алматы қаласындағы Бөгенбей батыр көшесі, 142-үй мекен-жайы бойынша қызметтік үй-жаймен қамтамасыз етсін.

9. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамын тіркеуде жәрдем көрсетсін.

10. "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 24 наурыздағы
N 410 қаулысына
1-қосымша

<*>

Мемлекеттік қатысу үлесі "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамына берілетін ұйымдардың
Тізбесі

<*>

Атауы

Мемлекет үлесі, %

"Арман" ЖШС	50	
<*>		
<*>		
"Дамұнай" АҚ	50	
"Қазтүрікмұнай" ЖШС	51	
"Эмбаведьойл" ЖШС	52,69	
"Гюрал" ЖШС	69	
"Қазақойл-Тельф" ЖШС	69	
<*>		
"Қаракұдықмұнай" АҚ	40	
<*>		
"Теңге" ЖШС	50	
"Тұлпар Мұнай" ЖШС	50	
"Степной Леопард" ЖШС	50	
"Ақтөбе-Пройссаг" ЖШС	50	
"Шағырлы-Шөмішті" ЖШС	72	
"Қылыш" ЖШС	50	
"Қазақойл-Ембі" АҚ	41	
<*>		
"Атырау МӨЗ" АҚ	53,1	
"Павлодар МӨЗ" АҚ	87,9	
"Каспий Құбыр арнасы консорциумы" АҚ (Қазақстан Республикасы Үкіметінің үлесі)	19	КТК акцияларының жалпы санын
"Қазақстан Пайплайн Венчурз" БК	50,1	
<*>		
"Қазақстанкаспийшельф" АҚ	90	
<*>		
"Өзенмұнайгаз" АҚ	90	

<*>

"ҚазТрансОйл" ЖАҚ" 100

<*>

"Мұнаймаш" ААҚ 90

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.06.17.
N 979 қаулысымен.

P970979_

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.08.26. N 1287
қаулысымен.

P971287_

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.05.19. N 452
қаулысымен.

P980452_

ЕСКЕРТУ. ҚРҰ-нің 1999.03.05. N 205а қаулысын қараңыз.

P99205a_

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгертілді - ҚРҰ-нің 1999.06.18. N 802
қаулысымен.

P990802_

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгертілді - ҚР Үкіметінің 2000.01.22. N 113
қаулысымен.

P000113_

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.10.11. N 1151
қаулысымен.

P981151_

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.13. N 1702
қаулысымен.

P001702_

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.26. N 865

қаулысымен.

P010865_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 24 наурыздағы
N 410 қаулысына
N 2-қосымша

Мемлекеттік акциялар пакеті мен мүліктегі үлесі иелік
ету, пайдалану және басқару құқығымен "Қазақойл" Ұлттық
мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамына берілетін
акционерлік қоғамдар мен өзге де шаруашылық серіктестіктер
Тізбесі

Акционерлік қоғамның атауы	Мемлекеттік	"Қазақойл"
	пакет мөлшері	Ұлттық мұнай-газ
	мүліктегі	компаниясы"
	үлесі), %	АҚ берілетін
		үлесі, %

<*>

<*>

<*>

<*>

<*>

<*>

<*>

"Маңғыстаумұнайгеофизика" АҚ, Ақтау қаласы	95,31	95,31	
"Ембімұнайгеофизика" АҚ, Атырау қаласы	39		39
"Мұнайгеофизика" АҚ, Ақтөбе қаласы	20		20
"Қызылордапромгеофизика" АҚ, Қызылорда қаласы	90	90	
"Маңғыстаупромгеофизика" АҚ, Ақтау қаласы	90		90
"Өзенпромгеофизика" АҚ, Жанаөзен қаласы	90		90

"Маңғыстауэлектромонтажавтоматика" АҚ,
Ақтау қаласы 39 39
"Геоигіліксервис" АҚ, Атырау қаласы Алтын Алтын
акция акция

<*>

<*>

<*>

<*>

<*>

<*>

<*>

"Қарашығанақгазпром" АҚ 90 90

<*>

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1997.04.27. N 650
қаулысымен.

P970650_

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1997.06.17. N 979
қаулысымен.

P970979_

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1998.05.19. N 452
қаулысымен.

P980452_

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1999.04.26. N 478
қаулысымен.

P990478_

ЕСКЕРТУ. 2-қосымшаға ҚР Үкіметінің 1999.05.27. N 662 қаулысымен
өзгеріс енгізілу керек, бірақ бұл қосымшада алып тасталатын
жол жоқ.

P990662_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 24 наурыздағы
N 410 қаулысына
N 3-қосымша

"Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясы"
акционерлік қоғамына байқаушы кеңесінің
ҚҰРАМЫ

Шүкеев Ө.Е. - Қазақстан Республикасының Экономика
және сауда министрі, төраға

Балғымбаев Н.Ө. - "Қазақойл" ҰМК президенті

Дәукеев С.Ж. - Қазақстан Республикасының Энергетика
және табиғи ресурстар министрінің
орынбасары (Вице-Министр)

Қалмырзаев С.С. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен
активтерді басқару департаментінің
директоры

Сатыбалдин Ғ.К. - Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі Кеңесінің жауапты
қызметкері

Соболев В.В. - Қазақстан Республикасының
Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік
комитетінің директоры

Мұқашев Ж.Ж. - Қазақстан Республикасының Қаржы
вице-министрі

ЕСКЕРТУ. 3-қосымша толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.04.24. N 650
қаулысымен.

P970650_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК